

**Қымбатты ұстаздар, оқушылар
және ата-аналар!**

Бар игілігіміздің бастауы болған
құтты Тәуелсіздігімізге 20 жыл толды.
Баршаңызды Тәуелсіздік мерекесімен
шын жүректен құттықтаймын!

Біз ел Тәуелсіздігінің 20 жылдығын
салтанатты түрде атап өтіп, айтулы
мерейтойды жақсы табыстармен қарсы
алдық.

Дүниежүзілік тарих тұрғысынан
қарағанда, жиырма жыл — қас-қағым
сәт, бірақ жас тәуелсіз мемлекет үшін
бұл - кәмелетке толу кезеңі.

Қазақстан Республикасының мемлекеттік табысының 20 жылына айналған барша Қазақстан
халқының қажырлы еңбегінің қос он жылдығы.

Бұл - Қазақстанның өзінің мемлекеттік жобасының алғашқы қорытындыларын
шығаратын уақыт. Қарқынды дамушы мемлекеттің Ұлт көшбасшысы, ҚР Тұңғыш Президенті
Н.Ә. Назарбаевпен бірге қол жеткізген жетістіктеріне көз салуды талап ететін жағдай.

Халқының қамын ойлайтын, болашақтың кемел келешегін ойлайтын, парасаттылық пен
батылдық, көрегендік пен кемеңгерлікті ту етіп ұстаған Елбасымыздың басшылығының
нәтижесінде осындай нәтижеге қол жеткізіп отырмыз. Біздің болашағымыз -жарқын,
келешегіміз -кемел!

Тәуелсіздігімізді тұғырлы ету жолындағы абыройлы белесте баршаңызға үлкен табыстар
тілеймін!

Өтіп бара жатқан жыл еліміз үшін сыйы мен сынағы қатар келген ерекше жыл болды.
Алдымыздағы жыл - жаңа дәуірдің басы. Тәуелсіздіктің үшінші онжылдығының парағын
ашамыз. Алдағы кезеңге мақсатқа толы үмітпен, күш-жігермен, жақсы ниетпен қадам
басамыз.

Аяулы «Жас дарын» оқушылары мен ұлағатты ұстаздар!

Сіздерді, Жаңа жыл мерекесімен құттықтаймын. Қанаттарыңыз талмай, армандаған биік
шыңдарға жетулеріңізді тілеймін. Жаңа жыл игі бастамалардың, жаңа жетістіктер мен жаңа
армандардың тоғысқан кезеңі болсын!

Мектеп директоры С. Т. Хасанова

Құрметті «Жас дарын» мектебінің ұжымы!

Сіздерді ел Тәуелсіздігінің 20 жылдық мерейтойымен құттықтаймыз!
Сондай-ақ, Жаңа 2012 жыл құтты болсын! Мемлекетіміздің кемелді келешекке
бет алғандағы әрбір жылы толағай табыстарға толы болғай! Әрқашан, татулық
пен бірлік, береке мен табыс, шаттық пен қуаныш орнасын!

Мектеп әкімшілігі

Тәуелсіздік тұғыры биік болсын!

Мектебімізде Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 20 жылдығына орай «Тәуелсіздіктің шыңы - 20 жұлдызды күн» атты Қазақстан 20 жылдың ішінде әлем деңгейіне қаншалықты көтерілгенін, халықаралық аренадағы абройы жоғары екенін және Астана қаласының мәдени және рухани келбетін айшықтау, кең қауымды Қазақстан халқының тарихи-мәдени және әлемдік мәдениет пен өнердегі жетістіктерімен таныстыру мақсатында мерекелік тәрбие және интеллектуалдық бірқатар іс-шаралар өтті. Атап айтсақ, «Руханиятты, азаматтық татулық әлемді бейбітшілікке әкеледі», «Мемлекеттік рәміздерді дәріптеу ұлт міндеті», «Ұлт бірлігі ел тыныштығының кепілі - келісім», «Желтоқсан - ерлік тарихымыз», «Дінаралық келісім ер бірлігіне қызмет етеді», «Жиырма жылда ел жаңа», «Мен - Қазақстанның патриотымын», «Қазақстанның даму кезеңдері», «Лаула, лаула желтоқсанның мұзға жаққан алауы», «Тәуелсіздік - қасиет тұнған ұлы ұғым», «Біздің басты құндылығымыз Тәуелсіздік, бейбітшілік, тұрақтылық» атты тәрбие сағаттары, салаутты өмір салтын насихаттауда спорттық іс-шаралар, интеллектуалдық әр түрлі сайыстар, ғылыми конференция, «Ғылым күні», «Мен - егеменді елдің болашағымын» атты шығармалар сайысы, «Тәуелсіздік белестері» атты кітапханада кітап көрмесі, «Менің Отаным - менің Қазақстаным» атты сурет сайыстары өткізілді. Жалпы барлық іс-шаралар өз деңгейінде ұйымдастырылып, қорытынды нәтижелері бойынша оқушылар



Бірлігімен ынтымағы халқымның,
Көгімізде жарқырайды жарық күн,
Ырыс, дәулет, бақыты үшін халқымның –
Жайнай берсін, жайнай берсін жарқын күн!

Тұрсын Махмуд, 6 «а» сынып

Желтоқсан –ерлік тарихымыз.

Мектебімізде 2011 жылғы 26 қараша -15 желтоқсан аралығында «Тәуелсіздіктің жиырмашыңы», «20 жұлдызды күн» аясында 10 «а» сыныбының ұйымдастыруымен «Желтоқсан – ерлік тарихымыз» атты тақырыптық салтанатты жиын өтті. Бұл жиында сынып оқушылары Ахметова Мақпал, Сабыржан Айжас, Алдонғарова Дәметер және Қоқанов Әділхан мектеп оқушыларына Қазақстан Республикасының 1991-2011 жылға дейінгі тарихынан үзінділер бейнеленген презентациясын ұсынды. Салтанатты жиынға жиналған оқушылардың санасына желтоқсан оқиғасы - ерлік пен өрлік, қайғы мен қасірет араласқан қаралы да, қасіретті күн екендігін көрсетті. 1986 жылғы Желтоқсан оқиғасының тарихында сот үкімін қасқайып қарсы алған өр тұлғалы Қайрат Рысқұлбеков, отаршылдық және әміршілдік жүйеге қарсы көтеріліске шыққан студент қыз – Сәбира Мұхамеджанова, қайсар жүректі, өршіл рухты Ләззат Асанова сияқты тұлғалардың аттары алтын әріптермен жазылғандығы жайлы мағлұмат берілді. Желтоқсан құрбандарына арналған жыр-шу мақтарын оқып, оларды 1 минуттық үнсіздікпен еске алды.

Салтанатты жиынды «Дүниеде тәуелсіз қазақ елі бар. Әлемде егемен Қазақстан бар. Оның көп ұлтты, тату, ынтымақты халқы бар. Қуатты экономикасы, сенімді саяси жүйесі бар. Ең бастысы – бүгіннен нұрлы, бүгіннен жемісті болашағы бар» - деген Елбасымыздың сондай мақтанышпенен, әрі жарқын болашағымызға деген кәміл сенімімен айтқан сөздерімен аяқтады.

«20 жұлдызды күн» аясында өткен «Олимпиада» атты спорттық іс-шара желтоқсан айының 5-і мен 10-ы аралығында өткізілді.

Салауатты өмір салтын насихаттау, оқушылардың спортқа деген ынталарын арттыру мақсатында төмендегідей іс-шара ұйымдастырылды.

8-9-10 сыныптар арасында волейбол ойынынан сайыс өткізілді, оның қорытындысы бойынша жүлделі I орынды 8 «а» сыныбы, II орынды 10 «ә» сыныбы, III орынды 10 «а» сыныбы иеленді. 6-7 сыныптар арасында Пионерболдан қатарлас сайыс өтті. Нәтижесінде жүлделі I орынды 7 «а» сыныбы, II орынды 6 «б», III орынды 6 «а» сыныбы иеленді. Сайыс қорытындысы мектеп жиынында жарияланып, жүлдегер атанған сыныптар мақтау қағазымен марапатталды.

Сондай-ақ сайыс барысында 7 «а» сынып оқушысы Меңдібай Тұрсынжан, 7 «ә» сынып оқушысы Қабдолла Мәди, 6 «б» сынып оқушысы Сағындықов Мейіржан және 6 «а» сыныбының оқушысы Тұрсынов Махмұд ең үздік, мықты ойыншылар қатарына еніп, оқушылардың қошаметіне бөленді. Өткізілген іс-шаралардың барлығы да өте қызықты, тартымды өтті. Оқушыларға осындай қуаныш сыйлаған, сайысты ұйымдастырған денешынықтыру пәнінің мұғалімі Сыпатаев Ермұрат Валерийұлына алғысымызды білдіреміз.

Абдрахманова Әнел, 10 «ә» сынып оқушысы





Жаңа жылды қай елде қалай қарсы алады?

Жер шарында Жаңа жылды ең алдымен қарсы алатын халық - Фиджи архипелагінің 160 аралының тұрғындары. Мұнда барлығы 320 арал бар.

- Шотландия мен Уэлсте ескі жылдың соңғы секундында есікті кеңірек ашып, ескі жылды «шығарып» жібереді де, Жаңа жылды «кіргізеді».
- Үндістанның әр ауданында Жаңа жылды әр уақытта, қыркүйектен наурызға дейін қарсы алады. Мереке құрметіне ұшырылған көлемі өте үлкен, түрлі-түсті батпырауықты екі мерген садақпен атады. Батпырауық жанған кезде той басталады.
- Панамада Жаңа жыл өрт сөндіргіш мұнарадағы зор қоңыраудың құлақ тұндырған ащы дауысымен басталады.
- Болгарияда Жаңа жыл дастарханына басқа да тәтті тағамдармен бірге күміс теңге қосып, бірнеше қабат етіп пісірген самса қойылады. Оның жанында денсаулық пен ұзақ өмір сүрудің белгісі - кизил ағашының бір бұтағы жатады. Күміс теңге тап болған адам Жаңа жылда зор бақытқа кенеледі деп есептеледі. Дастархан басында біреу түшкіріп қалса, жақсы ырымға санайды. Оған көктемде туған алғашқы қозыны, лақты, құлынды, әйтеуір бір жас төлді сыйға тартады.
- Иранда Жаңа жылды наурызда қарсы алады. Дәл сағат 12-де үстел басындағылар қолына күміс теңге ұстауға тиіс. Әйтпесе, халық нанымдарында ол адам жыл бойы жат елде өмір сүреді.
- Бразилиялықтар Жаңа жылда көшелеріндегі бағандарды гүлмен, қоңыраумен безендіріп қояды.
- Эфиопиялықтар Жаңа жылды қыркүйектің 10-11-інде қарсы алады. Жаңа жылда бірыңғай ақ киім киеді, ерте тұрып, шіркеуге барады. Сосын самырсын ағашының көлеңкесінде Жаңа жылға арнап дастархан жаяды. Балалар Жаңа жылға арнап салған суреттерін ата-анасына сыйлады. Үй ортасына жіп керіп, әлгі суреттерді іліп қояды. Сонан кейін мерекелік дастархан басына отырады.

28 желтоқсанда облыс орталығындағы «Астана» мұз сарайында «Тәуелсіздік - алтын бесік!» деген атпен жаңа жылдық Президент шыршасы өтті. Оған аймақ басшысы Бақытжан Сағынтаев қатысты. Жыл сайын желтоқсан айының соңында ұйымдастырылатын дәстүрлі шараға биылғы жылы біздің мектебімізден Тұрсын Махмұд 6 «а» сыныбынан, 5 «а» сыныбынан Белялова Әмина барды. Мерекеге қатысқан балаларға Президенттің атынан сырт киімдер, оқу құралдары мен басқа да сыйлықтар табыс етілді.

29 желтоқсанда барлық сыныптар бойынша мектебімізде жаңа жылдық іс-шара өткізілді. Мерекелік кеш барысында түрлі кейіпкерлердің қатысуымен театрландырылған қойылым көрсетілді. 5,6-сыныптар Аяз ата мен Ақша қарға арналған өздерінің өлең-тақпақтарын тарту етті.



Еркінова Әсел, 9 «ә» сынып оқушысы

**Жаңа жылға тілек!**

Құрметті ата-аналар,
 Құрметті шәкірт, балалар,
 Білімнің қайнар бұлағы,
 Құрметті абзал ұстаздар!
 Құтты болсын сіздерге,
 Құтты болсын біздерге!
 Жаңа Жылда аспаннан
 Нұр боп жауған ақша қар.
 Ақша қармен еліме
 Қыдыр шықсын төріме,
 Өмірдің көзі-қуаты
 Алтын күн тұрсын көгімде.
 Тілеген тілек оң болсын!
 Жаңа жылдың кешінде
 Ұлу жылы құтты боп,
 Арта берсін несібе!
 Жан-жасыл боп жайқалып,
 Сансыз шырақ тағынып,
 Ақша қардан ақ көрпе
 Сән етіп, сәнмен жамылып
 Шыршамыз сауле шашып тұр.
 Арайлы нұрға малынып,
 Шыршамыз нұрға малынсын,
 Түрлі ойыншық тағынсын.
 Қармен жауған ақ тілек
 Маржан болып болып шашылсын.
 Айнала билеп ән салып,
 Гүл балалар жарыссын.
 Ақ қоян келіп кеткені
 Ұлу жылы келіп жеткені.
 Қиын сәт кетсін елімнен
 Алма-кезек өтпелі
 Ұлу жыл сұлу жыл болсын.
 Халқыма ырыс төгетін,
 Игеріліп бар байлық.

Еліме пайда келетін
 Тәуелсіз болған 20 жыл
 Еліме берік болсыншы.
 Ұлан байтақ жеріме
 Кетпейтін бақыт қонсыншы.
 Бар әлем бізге қараған
 Еліміз тыныш болсыншы.
 Тәуелсіз болған жылымда
 Елімнің бақыт-бағына
 Бірліктің шын ұйтқысы
 Елбасы болсын тағында
 Қазақия елі үшін,
 Қазақия жері үшін,
 Қазақ болып өмірге
 Келген мына сен үшін.
 Қазақтың маржан тілі үшін,
 Қазақтың әсем жыры үшін,
 Достықтың алтын қазығы
 Мұсылманның діні үшін
 Есен болсын Елбасы!
 Қазақтың жарқын күні үшін,
 Құтты болсын жаңа жыр,
 Құтты болсын жаңа нұр!
 Елімде алтын таң атсын.
 Құтты болсын Жаңа Жыл!
 Жаңа Жылмен халқымның
 Бұзылмасын ұйқысы.
 Үзілмесін елімнің
 Сәбидің тәтті күлкісі.
 Құтты болсын бәріңе,
 Төрге шыққан Ұлу жыл!
 Құтты болсын, халайық,
 Ұлу жыл мынау Сұлу жыл!

Сартай Қайдарұлы
 01.01.2012 жыл

Жаңа жылдық әзіл қалжың

Көрші батыр ата

Менің көрші атам нағыз батыр ғой!!! Ол 1-ші және 2-ші дүниежүзілік соғысқа аянбай қатысты. Сосын шаршаған соң компьютерді өшіріп, ұйқыға кетті.

Жағрапия пәнінен тест тапсырып шыққан оқушы Жаратушыға былай деп жалбарыныпты:
 - О, Құдай, Мәскеуді Қытайдың астанасы ете гөр!

Екі қазақ жолда келе жатып, құдыққа түсіп кеткен еврейдің баласын құтқарып алады. Ертесінде екеуінің үйіне баланың әкесі келіп:

- Кеше менің баламды құдықтан шығарып алған сіздер ме?
- Иә, иә, біз құтқарып қалып едік, - дейді ерекше құрмет күткен екуі.
- Баламның бас киімі қайда?

Амантай Ерсағын, 6 «ә» сынып оқушы

Білімді ұрпақ - ел тірегі

Жас ұрпаққа сапалы білім, саналы тәрбие беру жолында мектебімізде көп жұмыстар атқарылуда. Соның бірі дәстүрге айналған «Ғылым күні» арнайы құрылған бағдарлама бойынша ашық сабақтар мен іс-шаралар ата-аналардың қатысуымен болды. Мерекенің салтанатты бөлімі Ақ орда залында ««Жас дарын» мектебінің бүгінгі күні» атты мектеп директорының баяндамасы тыңдалды. Соынмен қатар, «Жас қыран» жасөспірімдер ұйымдарының мүшелігіне салтанатты түрде қабылданды. Жасқырандықтар еліміздің лайықты азаматтары мен нағыз патриоттары болуға ант берді. Жиналған қауымға ғалымдар атынан Афанасева В. Н. мен Исмайлов Д. И. құттықтау сөз сөйледі. Жас жеткіншектердің ойына ой, жүрегіне қозғау салып, білім кеңіне терең бойлауға ықпал жасап, ізгілік нұрын құйып биік жетістіктерге жеткізген ғалымдар мен ұстаздарды марапаттау рәсімін Қамқорлық кеңес мүшелері мен ата-аналар комитеті марапаттады. «Шын жүйрік бәйгеде танылар» дегендей, халықаралық, республикалық сайыстардан жүлделі орын алған оқушыларға да ақшадай сыйлықтар мен алғыс хаттар берілді. Олар: халықаралық, республикалық деңгейде 16 оқушы, облыстық деңгейде 44 оқушы.



Бала болашағы оның жылдам қабылдай білуіне, дұрыс таңдау жасауына, бүкіл өмір бойына өзгермелі жағдайларға тез икемделе білу қабілетіне байланысты болмақ. Осыған байланысты жеке тұлғаға қойылатын талап: ойлылық, салмақтылық, белсенділік, жауапкершілік, терең білімділік. Бұл оқушының бойында қалыптасатын түпкілікті мақсат, міндеттерін айқындауға тікелей жол ашады. Құрметті жас жеткіншектер, өз мүмкіндіктеріңді тиімді пайдаланып, сапалы білім алуға ұмтылыңдар. Ғылым негіздерін игеріп, бәсекеге қабілетті болыңдар!

«Жас дарын» үн газеті ұжымы



Өнегелі ғұмырында қаншама шәкіртін білім нәрімен су сындатып, бойларына ізгілік шуағын дарыта білген **Сәуле Төлегенқызы** білім ордасында әріптестерінің құрметіне бөленіп, жаңа дәуірдің жаңа үрдісіне сай еңбек еткені үшін Тәуелсіздігіміздің 20 жылдығы қарсаңда Елбасымыздың қолынан «Елбасы төсбелгісімен» және «Облыс алдында ерен еңбегі үшін» деген медалімен марапатталды.

Ахмет Байтұрсынов «Жақсы мұғалім мектепке жан кіргізеді, басқа кемшілігі болса, мұғалімнің жақсылығы жабады, білдірмейді» - деген болатын. Осындай мұғалімдердің бірі физика пәнінің **мұғалімі Сумбаева Алтын Хайроллақызы**. Өз пәнін шебер меңгерген, жаңашыл ұстаз - нәтижелі жетістіктерге жетті. Сондай жетістіктерінің бірі - Астана қаласында өткен үлкен алқалы жиында Ыбырай Алтынсарин атындағы төсбелгімен марапатталуы. «Жаныңда жүр жақсы адам» - дегендей, келер ұрпақ, жас буын өкілдерінің осындай ұлағатты ұстаздардан үйренері көп деп ойлаймыз.



Құттықтаймыз!!!

Облыстық ғылыми жобалар сайысында өз жұмыстарын қорғап, жүлделі орындарға ие болған оқушылар мен оларды жетелеген пән мұғалімдерін шын жүректен құттықтаймыз. Олар:

1. Қожабеков Рустам, 10 «а» сынып оқушысы, физика, II орын
2. Жұмат Фариза, Тлеулинов Талғат, 11 «а» сынып оқушысы, физика, I орын
3. Қайырбаев Тамерлан, Қозыбаев Болат 11 «а» сынып оқушысы, астрофизика, III орын
4. Оразымбетов Еламан, Ауғалиев Тамерлан 11 «а» сынып оқушысы, астрофизика, III орын
5. Сәбит Әдия 8 «а», Қадыр Ануар 7 «а» сынып оқушылары, математика, III орын
6. Хасанова Әйгерім 11 «а», Төлепберген Алмас 9 «а» сынып оқушылары, математика, I орын
7. Асаинов Мақсат 11 «а» сынып оқушысы, биология, II орын
8. Алдынгарова Дәметер, 10 «а» сынып оқушысы, биология, III орын
9. Мұрат Мәдина 8 «б», Сыпатаева Сәния 9 «а» сынып оқушылары, тарих, II орын
10. Хасенов Арман 11 «а» сынып оқушысы, география, I орын
11. Қожахмет Жақсылық, Такирова Еркежан 9 «ә» сынып оқушысы, тіл білімі, II орын
12. Талипова Дариға, Нұрпейісова Айнұр 11 «ә» сынып оқушысы, тіл білімі, II орын
13. Еркінова Әсел 9 «ә» сынып оқушысы, тіл білімі, III орын
14. Қуандық Зере 11 «ә» сынып оқушысы, қазақ әдебиеті, I орын.
15. Тоғаев Қайрат 9 «а» сынып оқушысы, информатика, II орын
16. Ибраев Дәулет, 11 «а» сынып оқушысы, экономика, III орын.

Республикалық ғылыми жоба сайысына өткен Қожабеков Рустам, Қайырбаев Тамерлан мен Қозыбаев Болат, Хасенов Арман, Қожахмет Жақсылық пен Такирова Еркежан, Еркінова Әсел сынды оқушыларға сәттілік тілеп, биік шыңды бағындырып, жүлделі орындарға ие болуларына тілектестік білдіреміз.





Қазақстан – болашаққа ұмтылған ел

Болдым ғашық, туған дала, мен саған,
Алыс жүрсем, арманым- сен аңсаған;
Жақын жүрсем, мен-төрінде жанаттың,
Алтын дінгек- өзім туған босағам!
"Туған жер". Қ. Аманжолов

Түн. Көзге түртсе көрінбейтін қараңғы. Аспанның қабағы бірнеше күн ашылмай түнеріп тұр. Қап-қара түнерген даланы тек ай сәулесі ғана сәл жарықтандырады. Доғы боран. Орман ішінде бет-аузын жалаған боранға қарамай, басында орамалы, денесінде тоны, аяғында пимасы, қолына дорба ұстаған кішкентай қыз келеді. Ол жаурағанына қарамастан, еңсесін тік ұстап келе жатыр. Желге қарсы жүргендіктен, ерні тілініп, жарылыпты. Оны қайта-қайта жалап қояды. Қабағынан қар жауып, кірпігіне мұз қатып келе жатқан ол біреу кездесіп қалар деп, жан-жағына жалақтап қарайды.

Бір кезде алыстан лаулаған оттың көлеңкесі қол бұлғағандай көрінді. Жақындап келсе, бір кәрі қария от жағып, жылынып отыр екен. Қыршылдаған қардан біреудің келе жатқанын сезген қария жалт қарады. Бейуақыттағы жолаушыны көріп таңданған ол: "Қызым, бері кел, жаураған шығарсың?"-деп жанына шақырды. Бірер мезеттен кейін қыз аяғын ақырын басып, отқа жақындады. Қол-аяғын жылыта отырып, қарттың өн бойына үңіліп қарады. Бет-ажары Сарыарқа тауларындай қатпар- қатпар, бетіне әжімдер әбден қаптаған қария екен. "Қызым, мұнда неғып жүрсің?"-деді қарт. "Мен түсімде бір қарияны көрдім. Ол маған осындай күні орманға кел деп аян берді",- деді қыз. "Дұрыс. Ол қария менмін. Мен жай қария емеспін, Қыдыр атаны естіп пе едің? Сол атаң мен боламын. Мен сені әдейі таңдап алдым. Өйткені, бүгін ұмытылып бара жатқан тарих беттерін саған баяндаймын. Сен оны халыққа жеткіз. Қабілетің бар екен",- деді де қария өз әңгімесін бастады: "Тарихи сыры да көп, мұны да көп түркі текті халықтардың ішіндегі іргелісінің бірі, бірі де болса бірегейі- қазақ халқы- сенің елің, атамекенің. Қазақ халқының даму жолына зер салатын болсақ, оның ұлттық ерлік тарихы өте бай екендігін аңғарамыз. Бұл ерліктер көркем жырдай қызғылықты, ғибратты. Ол шежіре сонау қазақ хандығының құрылуынан басталады. Жәнібек пен Керей қазақ ұлты үшін, тілі мен мәдениеті құрып кетпес үшін, неше ғасырлар бойы аңсаған қазақ елінің тәуелсіздігін алып, қазақ елінің еңсесін көтеріп тастады. Бірақ бұл егемендік оңайға түскен жоқ, кейіннен де "Ақтабан шұбырынды" шайқасы болып, қаншама бауырларымыз қырылды. Қытайға, Жоңғарияға, басқа да көптеген көршілес мемлекеттерге шұбырып кеткен боздақтарымыз да жетерлік. Бірақ халқымыз кейіннен "Бұланты", "Аңырақай" шайқастарында табандылық көрсетіп, Жоңғария мемлекетін жеңіп шықты. Әр түрлі қырғи- қабақ шайқастардан шаршаған халқымыз енді Ұлы Ресей мемлекетінің қол астына кіре бастады. Бірақ Ресей үкіметі қазақтарға отарлау саясатын жүргізіп жатты. Шұрайлы жерлерін алып, малдарын айдап кетіп, орыстандыру саясатынан халдері ауырлаған сайын, халық наразылығы күшейіп, патша үкіметіне қарсы Исатай, Сырым, Кенесары бастаған қозғалыстары болды. Орыстың көп жыл қанауында болған қазақ елі Ә.Бөкейханов төраға болған "Алаш" ордасын құрды. Танашев, Х.Досмұхамедов, Ж.Досмұхамедов, Ә.Ермеков басқа да орда мүшелері Алаш автономиясының территориясындағы жергілікті басқаруды ұйымдастыру мен автономияны басқару мәселесін талқылады. Бірақ қазақ халқы қанша дегенмен орыстың ықпалында болды. Орыстың рұқсатынсыз ешбір қаулыны қабылдай алмайтын. Ұлы халық бізді өз уысынан жібергісі келмеді. Кейіннен 1941 жылы баққұмар Гитлердің нұсқауымен неміс халқы ортақ жерімізге соғыс ашты. Туған жерін, Отанын қорғап, азаттығы үшін қасық қандарын аянбаған батыр бабаларымыз Бауыржан, Баубек, Шығыстың қос шынары Әлия мен Мәншүктер сол бір қанқұйлы соғыста ерлікпен елімізді қорғаса, кешегі қанды желтоқсанда тәуелсіздік жолында құрбан болған Қайрат, Жадыра, Ләззат сынды апа-ағаларымыз алдында біз борыштармыз.

Өткенім бар - өкініш, жасыра алман,

Тарихым бар жазылған ғасырлардан.

Қазақ деген ел барын әйгіледім,

Жаңа ғасыр, сен енді бас ұр маған!

Орындалсын аңсаған асыл арман!-

деп ақын жырлағандай өткенімізге өкініп, қилы тағдырды басынан төңкерген шежіре тарихымызды баяндадым. Бәрі де кеше болғандай есімде. Тарихтың әр парағы ел есінде, тарих елегінде болуы шарт!"- деп қария көзіне жас алып, тебірене "Ақтабан шұбырындыда" шығарған халық әні "Елім-айды" әндете жөнелді. Қыз енді ата көңілін жұбатайын деп, бүгінгі тәуелсіздік туралы сөз қозғады: "Иә, ата. Тарих – халықтың неше мың ғасырлар бойы сүрген өмірінің айнасы. Тарих елегінен өткен ескермейді де, тозбайды. Бірақ, ата, қазіргі халқымыз тату- тәтті өмір сүріп жатыр. (жалғасы 9-бетте)



Желтоқсан оқиғасынан кейін, 1991 жылы он алтыншы желтоқсанда тәуелсіздігіміз жарияланып, алғашқы Елбасын тағайындадық. Осы мемлекеттің аты ұлтымыздың атына сәйкес- тәуелсіз Қазақстан деп аталады. Өнұранымен айбатты, елтаңбасымен еңселі, туымен тұғырлы мемлекет өз ақшасын-теңгені шығарды. Әрбір теңгеде қазақтың ұлы адамдарының келбеті кескінделген. Бұл ешкімнің де ұмытылмағанын көрсетеді.

Қазір елім достықтың гүлстаны, Қуаныштың, бақыттың ырыс бағы. Мейрамдарын елімнің бірге тойлап, Мұнда сан ұлт қосылып ту ұстаған. Орнап отыр елімнің тәуелсіздігі, Қолға тиді елдің ерік тізгіні.

Ұлты үшін жанын берер ұлдары,
Дербес, берік мемлекетпіз біз бүгін. Өнұраным қайрат беріп шырқалған, Елтаңбам
бар төрден орын ол алған. Тілім алып мемлекеттік мәртебе,

Көк туым бар көк аспанмен ұштасқан. Ел басқарған Нұрсұлтандай ағам бар, Көк
алқапты жасыл жайлау далам бар

Ел бірлігін, ел тірлігін тілеген,

Ақ ниетті халық деген данам бар.

Менің ойымша, болашақта Қазақстан дамыған елдер қатарына қосылып, гүлденген мемлекет боларына ешбір күмәнім жоқ, ата! Шығармамды туған жерге деген ыстық махаббатпен жазылған туындыммен аяқтағым келеді.

Отан деген әрбір жүрек дірілі,
Отан үшін болып келем үлгілі.
Менің, сенің үмітіміз ертеңгі,
Қазақстан- келешектің мекені.
Дарқан далам- сенің, менің қуатым,
Ата-бабам - сақтаған жез қанатым.
Салт-дәстүр, дініміз бен тіліміз,
Бола бермек мәңгі менің жалауым.

Желтоқсан оқиғасы

Желтоқсан оқиғасы
Естен кетпес ешқашан.
Құрбан болды жас апалар
Құрбан болды жас ағалар
Ләззат, Ербол, Қайрат аға
Өз жандарын қиған жандар.
.

Қыс

Қыста дүние тыныстар,
Аяз көрнеп ауаны.
Ақ ұлпадай күміс қар,
Жұлдыз болып жанады.

Жарылғасын Айжан, 5 «ә» сынып оқушысы

Төлеубаева Фарида, 10 «ә»- сынып оқушысы

Тәуелсіз Қазақстан
Тәуелсіз елім Қазақстан,
Ынтымағы жарасқан.
Сүйікті менің Отаным,
20 жылдығың тойланған.
Елім менің өте ерекше,
Болашағы тым айқын
Көркейе бер көркейе,
Өрлей бер сен биікке.

Досыма

Сыныптасым Мария,
Қашанда болсын жанымда.
Бірге күліп, бірге ойнап,
Жүреміз біз әрқашанда.

Бауыржан Акерке, 5 «ә» сынып оқушысы

**ГҮЛБАРШЫН ЖҰМАЖАНҚЫЗЫ МҰҚАШЕВА**

Павлодар облысының білім беру саласында қызмет еткен ұлағатты ұстаз, Қазақстан Республикасының оқу ағарту ісінің үздігі, артына жарқын із қалдырған сабырлы, тәлімді, табанды басшы, білікті ұйымдастырушы, тұтастай өмірін елдің игілігі үшін тер төккен, аяулы ана, асыл әже Гүлбаршын Жұмажанқызы Мұқашева 60-тан асқан шағында өмірден озды.

Гүлбаршын Жұмажанқызы 1949 жылы 16 сәуір күні Павлодар облысында дүниеге келген.

Павлодар педагогикалық институтының орыс тілі мен әдебиеті факультетін бітірген.

1970 жылы Успенка ауданы, Қаратай орта мектебінің орыс тілі және әдебиеті пәнінің мұғалімі болып еңбек жолын бастады. 1971-1986 жылдары облыс мектептерінде директордың оқу-тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, 1986-1999 жылдары облыстық мұғалімдер біліктілігін арттыру институтында кафедра оқытушысы, Үздіксіз білім беру институтында директордың орынбасары, 1999-2007 жылдары мектеп директоры қызметін атқарды.

1999 жылы мемлекеттік тілде оқытылатын дарынды балаларға арналған мектептің ашылуына үлес қосқан басшы. Эрдайым жүрген жерінде жақсылықтың жаршысы, мәдени және рухани дүниеміздің шынайы қамқоршысы болып жүретін бір туар азаматша, үнемі білім сапасының артуына үлес қосты. Оқу-тәрбие ісінің дұрыс жолға қойылуына аянбай тер төкті. Елдің қамын ойлаған шын жанашыры, жаңалыққа жаны құмар әдіскер қай ұжымға келсе де мұғалімдердің тәжірибесінде оқытудың жаңа технологияларын енгізуде көп ізденіп, тынымсыз еңбек етті. Теориялық жағына қатысты шешілмеген түйінді мәселелерін көтеретін ғылыми байыпты зерттеулер, ұлттық тәлім-тәрбие мен мінез-құлық мәселелерін қозғайтын ойлы дүниелер арқылы ұжымдағы мамандарды жұмысқа жұмылдырды. Мектептің әр оқушысы, әр ұстазының қамқоры бола білген, жағдайын туғыза білген жаны жайсаң адам еді. Өз мамандығын жан-тәнімен сүйген Гүлбаршын Жұмажанқызы мемлекеттік тілде оқылатын мектептің жан-жақты дамып, мәртебесін биіктету ісінде де бүкіл құнарлы нәрі мен қадір-қасиетін жас ұрпақтың бойына сіңіру жолында мұғалімдердің ғылыми педагогикалық және әдістемелік ой-өрісін кеңейтіп, сабақ беру шеберлігін жетілдіру саласында да ерекше тер төгіп, өзіндік лайықты еңбек етті. Әріптестері арасында ақылшы, ата-аналар ортасында абыройлы, нәзік те сезімтал жан еді.

Гүлбаршын Жұмажанқызы ұлын ұяға, қызын қияға қондырған өнегелі әулеттің ұйытқысы, басшысы бола білді. Бір әулетке ғана емес, еліне ақылшы басшы болып, өзінің саналы ғұмырын халқына адал қызмет етуге арнаған тұлға еді.

Топырағыңыз торқа, жаныңыз жәннатта, иманыңыз жолдас болсын!


Марқұмның отбасына, туыстары мен жақындарына орны толмас қайғыларына ортақтасып көңіл айтамыз.

«Жас дарын» мамандандырылған мектеп ұжымы



СӨЗЖҰМБАҚ «ҚАРЛЫҒАШ»

1. Үй құсы
2. Құстың баласы
3. Туымыздағы құс
4. Ең кішкентай құс
5. Сөйлей алатын құс
6. Ең ұзақ жасайтын құс
7. Сұлулық символы
8. Теңіз құсы



ЛОГИКА

1. Жазылуым бойынша оқысаң - минералмын. Егер алғашқы екі әріпімді ауыстырып оқысаң - улы газбын. Менен өндірістің ең қажетті деген заттарын алады. Ойлаңдаршы, сонда мен кіммін?
2. Буланғыш сұйық затпын, мені жаққанда, менің буымның әрбір 15 миллилитрінен 45 мл көмір қышқыл газы пайда болады. Менің химиялық формулам қандай?

Бұл сызбадан қышқыл қалдықтарының атауын табыңдар.

Х	Л	Б	О	Р	А	Й	О	Д
С	О	Р	Т	Ф	Т	Б	Р	И
У	Л	И	О	Н	И	Т	О	Д
Ф	Ь	Д	Р	И	А	Р	М	Ф
А	Н	И	С	Д	Т	К	И	О
Т	С	Т	У	И	Т	О	Д	С
Л	И	Р	Л	Ф	С	Р	Б	Ф
И	Т	И	И	Ф	У	Н	О	А
К	А	Т	Д	Ь	Л	А	Т	Т

Жауапты органы: Сыртганова А.Т, Бекібаева С.Ғ.

Редакторлар: Төкен Әлімқан, Молдакәрімова Әлия.

Редколлегия: Қалыш Жарқын, Кабдрахманова Әдия.

Корреспонденттер: Қуандық Зере, Абдрахманова Әнел, Еркінова Әсел.

Фотокорреспондент: Омарова Нұргүл, Сәрсекеева Айжан.